Серуенге дайындық 10 ¹⁵ – 10 ³⁰	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (<i>тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі</i>), серуенге мотивация (<i>мазмұны, проблемалық жағдаяттар</i>), көркем сөзбен ынталандыру (<i>мақал-мәтелдер, жаңылпаздар, жұмбақтар, өлеңдер</i>). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Күндізгі серуен 10 ³⁰ – 11 ⁵⁰	1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (<i>қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жасатқызулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа</i>). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер.

	Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру. 2) Еңбекке баулу үшін балабақша ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату. 3) Музыка жетекшісі мен дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша жүргізілетін шаралар немесе бірлескен жұмыстар.
Серуеннен $11^{50} - 12^{00}$ оралу	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.
Гигиеналық шаралар $12^{00} - 12^{15}$	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (<i>педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу</i>).
Түскі асқа дайындық $12^{15} - 12^{20}$	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.
Түскі ас $12^{20} - 13^{00}$	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Күндізгі ұйқы $13^{00} - 15^{30}$	Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау.
Ұйқыдан тұру $15^{30} - 15^{50}$	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).
Бесін асқа дайындық, Бесін ас. $15^{50} - 16^{10}$	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті $16^{10} - 16^{40}$	Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыт. Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.
Серуенге дайындық $16^{40} - 16^{50}$	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (<i>тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі</i>), серуенге мотивация (<i>мазмұны, проблемалық жағдаяттар</i>), көркем сөзбен ынталандыру (<i>мақал-мәтелдер, жаңылтаулар, жұмбақтар, өлеңдер</i>). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.

Серуендеу 16⁵⁰ – 17⁵⁰	Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету. Еркін ойындар, балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату.
Үйге қайту 17⁵⁰ – 18⁰⁰ Ата-анаға кеңес	Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу.



Бекітемін:

Бөектасай меңгерушісі:

Э.Д.Буркитбаева

Мамыр 2023 жыл

Жазғы сауықтыру кезіндегі күн тәртібі

Ортаңғы «Балауса» тобы

Режимдік сәттер, іс-әрекет	Балалармен жұмыс құралдары мен түрлері
Балаларды далада қабылдау 8 ⁰⁰ – 8 ⁴⁵	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б.
Таңғы гимнастика 8 ⁴⁵ – 8 ⁵⁵	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау.
Гигиеналық шаралар 8 ⁵⁵ – 9 ⁰⁵	Салқын сумен жуыну. Сүргіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (<i>педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу</i>).
Таңғы асқа дайындық 9 ⁰⁵ – 9 ¹⁰	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жеткізу.
Таңғы ас 9 ¹⁰ – 9 ³⁰	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 9 ³⁰ – 10 ¹⁵	Балалардың білім, білік және дағдыларын еркін іс-әрекетте көрсетуі үшін заттық-көністік ортаны дайындау. Балалардың өз бастамасы бойынша ұйымдастырылған ойындарға еркіндік беру. Қажеттілігіне қарай жеке жұмыс түрін ұйымдастыру. Проблемалық жағдаяттарды шешу. Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту жұмыстарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы қамту.
Серуенге дайындық 10 ¹⁵ – 10 ³⁰	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (<i>тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі</i>), серуенге мотивация (<i>мазмұны, проблемалық жағдаяттар</i>), көркем сөзбен ынталандыру (<i>мақал-мәтелдер, жаңылпаздар, жұмбақтар, өлеңдер</i>). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Күндізгі серуен 10 ³⁰ – 11 ⁵⁰	1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (<i>қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа</i>). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер.

	Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру. 2) Еңбекке баулу үшін балабақша ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату. 3) Музыка жетекшісі мен дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша жүргізілетін шаралар немесе бірлескен жұмыстар.
Серуеннен оралу 11 ⁵⁰ – 12 ⁰⁰	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.
Гигиеналық шаралар 12 ⁰⁰ – 12 ¹⁵	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (<i>педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу</i>).
Түскі асқа дайындық 12 ¹⁵ – 12 ²⁰	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.
Түскі ас 12 ²⁰ – 13 ⁰⁰	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы табет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Күндізгі ұйқы 13 ⁰⁰ – 15 ³⁰	Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау.
Ұйқыдан тұру 15 ³⁰ – 15 ⁵⁰	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).
Бесін асқа дайындық. Бесін ас. 15 ⁵⁰ – 16 ¹⁰	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.
	Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю).
	Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау.
	Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16 ¹⁰ – 16 ⁴⁰	Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыт. Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.
Серуенге дайындық 16 ⁴⁰ – 16 ⁵⁰	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.
	Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (<i>тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі</i>), серуенге мотивация (<i>мазмұны, проблемалық жаздайттар</i>), көркем сөзбен ынталандыру (<i>мақал-мәтелдер, жаңылпаздар, жұмбақтар, өлеңдер</i>).
	Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.

Серуендеу 16⁵⁰ – 17⁵⁰	Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету. Еркін ойындар, балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату.
Үйге қайту 17⁵⁰ – 18⁰⁰ Ата-анаға кеңес	Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу.

Келісілді:

Кәсіподақ кеңесінің төрайымы:

Оразымбетова Д.



Бөбекжай меңгерушісі:

Э.Д.Буркитбаева

Бөбекжайдың тәрбиешілеріне арналған жұмыс

орнындағы нұсқаулық

Балабақшаның тәрбиешілері мен педагогтары адал жұмыс істеуге, еңбекте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге, өз кәсіби біліктілігін тұрақты арттыруға, еңбек тәртібін сақтауға, ішкі еңбек тәртібін орындауға, күн ішінде жұмыс тәртібін сақтауға, өзге жұмыстармен айналыспауға міндетті. Меңгерушінің келісімінсіз ауысымын өзгертуге, сабақты өтпеуге, бір сабақты келесі сабақпен ауыстыруға болмайды. Бір – біріне ауысымды тапсырған кезде, тәрбиешілер балаларды тізім бойынша өткізуге, меңгерушінің үкімдерін өз мерзімінде және нақты орындауға, жабдықтарды сақтауға, тазалық пен санитария және қауіпсіздік техникасы ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тиіс. Тәрбиешілер балалардың өмірі үшін және жауапкершілікке ие екендігін түсінуі қажет. Сондықтан балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаудағы үшінші тәртіптік жазалау шарасы қолданылуы мүмкін: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, жұмыстан босату. Жазалау шараларын балабақша меңгерушісі өзіне бөлінген жұмыскерлерді қабылдау мен босату құқығы бойынша қолданылады.

Тәрбиешінің жұмыс орнындағы лауазымдық міндеттері мынандай:

- қауіпсіздік техникасын және балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптарын сақтау үшін өз жұмыс орнын балаларға қауіпсіз етіп ұйымдастыру;
- топ бөлмесінде зоналарды ұстану;
- ойын аймағында балалар үшін қауіпті заттар, электр құралдарды, электрлендірілген ойыншықтар болмауы тиіс, ойыншықтарға арналған барлық шкафтар еден немесе қабырғаға бекітілуі қажет; қабырғада ауыр картиналар немесе бетімен әйнекпен жабылған картиналар ілініп тұрмауы тиіс, қағылған шегелер болмауы керек;
- оқу аймағында жұмысқа қажет шыны, кесуші және тесуші заттар балалардың қолы жетпейтін орында тұруы қажет (бекіткіштер, тетіктер, түйреуіштер, инелер, қайшылар, шыны құтылар, мензуркалар). Балалар пайдаланатын қайшылардың ұшы дөңгелене бітуі тиіс;
- балалардың сабағы мен ойынына арналған барлық қажетті жабдықтар баланың бойы денгейінде орналасуы керек (кітап бұрышы, табиғат бұрышы мен күнтізбесі, дене шынықтыру жабдықтары);

- дәретхана бөлмесінде бөгде заттар болмауы қажет, балаларға арналған сүлгілер ұщы дөнгеленген арнайы киім ілгіштерде баланың бойы деңгейінде тұруы керек;

- жатын бөлмеде оқу жабдығы және өзге де бөтен заттар болмауы қажет. Керектер арасындағы шелдер бос тұруы керек;

- қабылдау бөлмесіндегі балалардың шкафтарында гүл тү бектерін, вазаларды және басқа да ауыр заттарды қоюға болмайды. Балалардың шкафтары бектіліп тұруы керек;

- тәрбиеші топта тиісті тәртіп пен дезинфекциялық тәртіп, өндірістік санитария ережелерін сақтауы қажет. Топта жұмыс істеу үшін ауысымдық аяқ киімге ие болу керек. Өкшелі немесе әкшесіз жеңіл туфли . Балаларға тек ақ халатта тамақ беру керек, тамақтандырып болған сон, халатты шешу қажет;

- жеке гигиенаны де сақтау керек, белгіленген мерзімде медициналық тексеруден өтіп;

Тәрбиеші қауіпсіздік техникасы бойынша міндеттемелерді қатаң орындауы тиіс:

-балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқауды қатаң сақтау;

- балаларды топта және балабақша учаскесінде караусыз тастамау;

- балалардың серуендеу кезінде өз учаскесінен тыс кетпеуі, ешқандай өсімдіктерді, шөптерді және саңырауқұлақтарды жұлып ауызға салмауын қадағалау;

- бала өз бетінше кетіп қалған жағдайда, оны тез арада іздеуге көшу, бұл жөнінде балабақша меңгерушісіне, жақын мандағы полиция бөлімшесіне және ата- анасына хабарлау;

- балабақша аумағынын тыс серуендеу немесе экскурсияға шығу алдында балабақша меңгерушісінен тиісті рұқсат алу;

-балалармен серуендеу олардың жас ерекшелігіне сай қашықтықта жүргізілуі керек;

- әр күні серуендеуге шығу алдында жарақат алмау үшін балабақша учаскесінде қауіпті кесу және тесу құралдары болмауын тексеру;

- сабақта балалардың ойыншық жасау материалы ретінде сіріңкелерді пайдаланбау;

- балаларды үйіне бір өзін жіберуге, бөтен адамдарға беруге, мас халдегі, мектеп жасындағы балаларға беруге тиым салынады;

- серуендеу кезінде балаларды топқа жалғыз жібермеу ;

-үнемі балалармен бірге болу.

Баланы абай болуға үйрету, жарақат алудан сақтайтын белгілі бір қондырғыларды қалыптастыру өте маңызды. Бұл үшін тиісті тәрбие жұмысын жүргізу, жол қозғалысы ережелеріне, өрт қауіпсіздігі ережелеріне үйрету қажет.

Тәрбиеші техникалық оқыту құралдарын пайдалана білуге тиіс: электр нүктелері тікелей әрбір техникалық құралдың маңында орналасуы керек. Оларды ұзартқыш арқылы қосуға жол берілмейді. Барлық бос электр нүктелерінде алынатын бекіткіштер болуы қажет.

Жарақаттану мен бақытсыз жағдайға ұшырамау үшін қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқауды қатаң сақтау, жарақат қаупі бар жағдайлардың алдын алу қажет. Осындай жағдайлар туындаған сәтте әкімшілікке тез арада хабар беріп, зақымданушыға алғашқы көмекті көрсету керек.

Танысты:

Күні:

Жайтсаржанова Ф. М. Жасай

Суренко А. П. Ж

Оспанова К. М. Ж

Ормулыбетова Д. Е. Ж

Асанбаева Ф. Ж

Мирзақулова З. М. Ж

Келісілді:

Кәсіподақ кеңесінің төрайымы:

Оразымбетова Д.



Бекітемін:

Бөбекжай меңгерушісі:

Э.Д.Буркитбаева

**Балалармен экскурсия, серуендеуді ұйымдастыру мен өткізу
жөніндегі нұсқаулық**

1. Тәрбиеші осы нұсқаулықты білуі тиіс.
2. Тәрбиеші балалардың өмірі мен денсаулығына әрі серуен мен экскурсияның қауіпсіз өткізілуіне толықтай жауап береді.
3. тәрбиеші алдын ала серуендейтін орында балаларға қауіпті заттардың бар-жоғын тексеруі тиіс.
4. Телімде балалар үшін қауіпті нәрселер болмауы тиіс: сынған шыны, сым, шеге, тастар, тікенегі бар ағаш бұтақтары, улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар.
5. Серуендеу алдында жабдықтың (алтыбақан, төбешік, үстел, әткеншектің орындығы) беріктілігі тексеріледі.
6. Алып шыққан ойыншықтар таза және қауіпсіз болуы тиіс.
7. Тәрбиеші серуендеу немесе экскурсия алдында әр баланың сәйкес киімі мен аяқ киімі бар екендігін тексеруі тиіс.
8. Жылдың ыстық мерзімінде серуенге, экскурсияға арналған бас киімнің болуы міндетті.
9. Экскурсияға бара алмайтын балалар туралы меңгерушіге алдын ала ескерту қажет. Бұл балалар ересек адамның карауына қалдырылады.
10. Балалармен серуендеген уақытта кем дегенде екі адам еріп жүруі тиіс.
11. Өздерімен бірге алғашқы көмек көрсетуге арналған аптечканы алу қажет.
12. Тәрбиеші серуендеуге шығарда балалардың санын нақты білуі және әлсін-әлсін оларды санап тексері отыруы тиіс.
13. Көлік қозғалысы көп көшелерде серуендеуден қашқақтаған жөн.
14. Көшеден өткенде жол қозғалысы ережесін сақтау және балаларды бағдаршам белгілеріне үйрету.
15. Экскурсияға шығардан бұрын алдын ала меңгерушіге ескертіп, тіркеу журналына қол қойылуы қажет.
16. Экскурсия алдында балалармен экскурсияда өзін-өзін ұстау ережелері туралы нұсқаулық өткізу.

Таныстым:

Күні:

Жайтарханова Ж.М. *Жайтарханова*
Оразымбетова Д.С. *Оразымбетова*
Суренбетов А.Т. *Суренбетов*
Оспанова Қ.С. *Оспанова*
Асанбаева Д. *Асанбаева*
Минзалимова З. *Минзалимова*

Келісілді:

Бекітемін:

Кәсіподақ кеңесінің төрайымы:

Оразымбетова Д.



Бөбекжай меңгерушісі:

З.Д.Буркитбаева

«Қарлығаш» бөбекжайының тәрбиешілеріне арналған нұсқау

Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.

- 1.Серуендеу алдында балалар үшін қауіпті заттардың болмауын тексеру: сынған әйнек, сым, шегелер.
- 2.Балалардың ауызға бөгде заттарды, гүл жарған өсімдіктерді, саңырауқұлақтарды алмауын бақылау.
- 3.Жаңбырлы күнде балалардың серуендеу үшін тиісті киімі болуын қадағалау.
- 4.Жаңбырлы күнде балалар үсті жабық орындықтарда отыруы тиіс. Серуендеу уақытын қысқартуға болады.
- 5.Экскурсия кезінде балабақшадан тыс гүлденген саябақта немесе скверде «Балалармен экскурсия және серуен өткізу ережелері» нұсқауын қатаң сақтау.
- 6.Қала көшелерімен серуендеу кезінде көшеден өту ережелерін сақтау. Балаларды екі ересек адам алып жүреді.
- 7.Балалар әткеншек пен сырғанақ тебу кезінде, арқанға, баспалдақтарға және басқа да жабдықтарға өрмелеуі кезінде, оларды міндетті түрде сақтандыру қажет.
- 8.Балаларды учаскеден жалғыз өзін жібермеу керек, оларды бөлмеге ұйымдасқан түрде кіргізеді.
- 9.Қураған ағаштар, бұтақтарды дер кезінде алып тастау қажет.

Танысты:

Күні:

Байтжанова Ф.М. *Baytjanova F.M.*
Суренов А.Т. *Surenov A.T.*
Исмаилов К.Т. *Ismailev K.T.*
Оразымбетова Д.С. *Orazymbetova D.S.*
Буркитбаева З.Д. *Burkitbaeva Z.D.*
Исмаилов З.М. *Ismailev Z.M.*

Келісілді:

Кәсіподақ кеңесінің төрайымы:



Оразымбетова Д.

Бекітемін:

меңгерушісі:



Д.Буркитбаева

«Қарлығаш» бөбекжайының тәрбиешілеріне арналған нұсқау
Жаз мерзімінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау

1. Балалардың күні бойы топта болу кезінде ауа жылу тәртібін сақтау.
2. Балалар жоқ кезде ғана бөлмені желдету. Топ бөлмесін балалар ұйықтап жатқан кезде немесе серуендеу кезінде желдету.
3. Балаларды серуендеуге ұйымдасқан түрде шығару, баспалдақтан түсу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау: балалар төменгі белдеуден ұстауы, бірін-бірі итермеуі және бір-бірінен озбауы тиіс.
4. Балалар серуендейтін жер алдын-ала қауіпті заттар мен улы өсімдіктердің болу жағдайына арнап тексерілуі керек, учаскедегі жабдықтар ойнау үшін қауіпсіз болуы, шегелердің шығып тұрмауы, тақтайлар сынуға дайын тұрмауы қажет.
5. Құмдақтағы құм таңғы және кешкі серуеннен соң міндетті түрде аударылып, конус тәрізді пішінге жинастырылуы тиіс.
6. Балалар құммен ойнаған кезде, құмды бір-біріне лақтырмауын қадағалау керек. Балаларға құм көздеріне түсуі мүмкін екендігін ескерту.
7. Балалар бассейнде қатаң кесте бойынша шомылуы керек.
8. Тәрбиеші және медициналық қызметкердің қатысуы мен ғана балалар суға шомылуы тиіс.
9. Балалар шомылған кезде шомылу мен демалуды кезек-кезек жүргізу керек. Уақыт мөлшерін сақтау қажет.
10. Ыстық уақытта күн өтуден сақтану үшін балалардың жұмсақ әрі жеңіл бас киімдері болуы тиіс.
11. Балаларды әткеншек пен сырғанақ тебу, арқанға, баспалдаққа өрмелеу кезінде, міндетті түрде оларды сақтандыру керек.

12. Ыстық уақытта су ішу тәртібін сақтау қажет: балалар шөлдегенде салқындатылған қайнаған су немесе жеміс шырының беру керек.

13. Баланың бойымен деңгейлес биіктікте шеге және ілгек қағуға, бөлмені безендіру кезінде бекіткен, өткір заттарды пайдалануға тиым салынады

Ташелстелі: Байтасарханова Ғ. М. Байтасарханова
Сүлейманов А. Т. Сүлейманов
Оспанова. К. И. Оспанова
Оразымбетов О. Оразымбетов
Асанбаева Ғ. Асанбаева
Мирзакүмова З. Мирзакүмова

14.Бөлме өсімдіктерінің астындағы тұғырлар қозғалмайтын болуы тиіс, шешінетін шкафтарға, топтық және дәретхана бөлмелерінде гүл түбектерін қондыруға болмайды.

15.Ешбір жағдайда балаларды қараусыз жалғыз қалдыруға болмайды.

16.Балалар мен ата-аналарға дәрілік препараттарды (витамин, сироп) әкелу мен беруге рұқсат етпеу.

17.Балаларды қабылдап алу кезінде олардың қолында бала өмірі мен денсаулығына қауіпті қажетсіз заттардың болмауын қадағалау (темір теңгелер, түйреуіштер, сақиналар).

18.Балалар топта болған кезде дәретханада, топта және жатын бөлмеде терезелерді ашық қалдырмау.

19..Балалардың сабақ өтуіне қажет барлық жабдықтарды, қауіп тудыратын заттарды, дезинфекциялаушы ерітінділер мен жуу құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау.

20.Балаларды балабақшада болу кезінде туындауы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы үнемі ескертіп отыру.

21.Балабақша аумағынан тыс жерде экскурсия мен серуен өткізу бойынша нұсқауды сақтау.

Танысты:

Мунзакурлова З. М. З. М.
Асанбаева А. А.
Остапова К. Б. О.
Жайтарханова Ф. А. Ж.

«ҚАРЛЫҒАШ» бөбекжайы

«Менің отбасым»

«Гүлдер» тобы

Тәрбиешісі: Оспанова Қ.Т.

2022-2023 оқу жылы



«Менің отбасым» отбасылық спорттық жарыс

Тақырыбы: «Менің отбасым».

Мақсаты:

1. Халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары жайлы білімдерін дамыту, ата-ана шығармашылығын ұштау, балалардың бойындағы өнері мен дарындылығын дамыта түсу.
2. Балабақшамен ата-ана бірлігін нығайту.
3. Отбасы–Отанның бір бөлшегі екендігін ұғындырып, балаларды ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа, мейірімділікке, ата-аналарының шексіз еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу

Барысы:

I. Ұйымдастыру

Жүргізуші: Жиналыппыз бүгін міне бәріміз де,

Үлкен – кіші, жасымыз, кәріміз де

Төрлетіндер, қадірменді қонақтар,

Гүл жайнаған біздің мына төрімізге.

Қадірменді қонақтар! «Мен және менің отбасым» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер! Осы отбасыларымыздың қадамдары құтты болып, мәртебесі биік болсын, мәре төрінен көріне берулеріне тілектестік білдіре отырып, ортаға отбасы мүшелерін шақырайық.

1. Жұмысты терең меңгерген

Жаксылықты жөн көрген

Отбасы тұр құлшынып,

Қалмайын деп сендерден

(Ортаға _____ отбасын шақырамыз)

2. Әділдік іздеп талпынып,

Тынбайтұғын шарқ ұрып

Бұл отбасы жарыста

Озам дейді талпынып.

(Ортаға _____ отбасы шақырылады)

3. Мінезге бай салмақты,

Байыптайтын жан-жақты.

Мерейлі бүгін сайыста

Жеңімпаз боп қалмақшы.

(Ортаға _____ отбасы шақырылады)

Отбасыларды ортаға шақырамыз.

Әділқазылар алқасымен таныстыру.

II. Негізгі бөлім

Сайыс 4 кезеңнен тұрады

Ақыл-көрік бойлырыңа жетеді,

Әлі талай сынақтардан өтеді.

Мына отырған баршаңызға ізетпен,
Отбасылар таныстырып өтеді.

1-ші кезең . «Тегімді менің сұрасаң» (Ортаға отбасылар шығып,өздерін таныстырады)

2-ші кезең «Қапшықпен сайыс» кезеңі (Топтар қапшықпен жарысады)

3-ші кезең «Қиындықтардан өт» (Топтар алдына гимнастикалық стол, допты шелекке салу, әрі тез келу талабы қойылады)

4-ші кезең «Ептілер сайысы»

Ойын шарты: Топ басының қолында 5 көкөніс салынған қорап болады. Топтағы сайыскердің біреуі егеді, екіншісі, жинайды. Қай топ ұқыпты отырғызып, тез жинап шықса сол отбасы жеңген болып есептеледі.

Шеберлерім өнер тамып қолынан,
Жаңылмаған ата-баба жолынан
Шебер қолдар өз өнерін көрсетсін
Біз айталық төрелігін соңынан.

Қорытынды: ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ

Жүргізуші: Жеңістер мен жеңілістен тұратын,

Өмір күрес, жеткізе ме мұратын.

Жеңбедім жеңілдім деп ренжімегін,

Қатысу да бір жеңіс,жан болсаң сен ұғатын.

Кезекті әділқазалар алқасына береміз.

Қорытындылау


Ата салтым-асыл мұрам, ардағым,

Бабалардың жалғастырар арманын

Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірін,

Өткенімді бүгініммен жалғадым!

Құрметті ата-аналар ұстаздар! Сіздер бүгін отбасы сайысын көріп тамашаладыңыздар. Балабақша тәрбиеленушілерінің, өз ұл-қыздарыңыздың білімі мен өнерін аңғардаңыздар. Сіздерге әрқашанда сәттілік тілей отырып, отбасыларыңызға береке , ынтымақ тілеймін. Балабақшамен жиі байланыста болыңыздар! Сау болыңыздар!



«ҚАРЛЫҒАШ» бөбекжайы

«Нептун күні»

«Гүлдер» тобы

Тәрбиешісі: Оспанова Қ.Т.

2022-2023 оқу жылы

«Нептун күніне арналған ойын сауық «Теңіз патшайымы»

Тақырыбы: «Теңіз патшайымы»

МАҚСАТЫ: Балаларға су тіршілік көзі екенін үйрету. Сумен ойнайтын ойындардың ережесін сақтай отырып, балалардың қимыл - қозғалысын, икемділігін, шапшандығын арттыру. Достыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

КӨРНЕКІЛІГІ: Патшайымның киім үлгісі, су құятын ыдыстар, сүзгі, су тапаншасы, сабынды көпіршіктер, шелектер, жасанды бассейн.

ЖҮРГІЗУШІ: Күн күлімдеп жел ойнайды,

Толқындар көңілді шулайды

Нептунға қонақтар асыға келеді

Балалармен қыздардың топтары.

ЖҮРГІЗУШІ: Балалар бүгін қандай күн?

БАЛАЛАР: Нептун күні.

ЖҮРГІЗУШІ: Сендер Нептунның кім екенін білесіңдер ме?

БАЛАЛАР: Ол көл патшасы.

ЖҮРГІЗУШІ: Олай болса Нептунның қызы теңіз патшайымын ортаға шақырайық.

БӘРІ: теңіз патшайымы

Келе ғой, келе ғой, келе ғой.

Теңіз патшайымы: Сәлеметсіздер ме балалар, құлағыма жетті, бұл мереке менің құрметіме арналған екен. Мен теңіз патшайымын, мерекелеріне келіп тұрмын.

ЖҮРГІЗУШІ: Теңіз патшайымы, сіздің құрметіңізге балалар тақпақтар айтып береді.

Ләйлә: Су тіршілік негізі

Онсыз өмір сүрмейсің

Гигиена егізі –

Су деп және білгейсің.

Ерген : Жер шары дәу әлем

Қоршалған ауамен

Ауасыз тұншығар

Өмір сүріп тамаша

Қуанайық балаша

Олжас: Үйде ванна, душ болса,

Салқын сумен құйынған

Ыстық сумен шомылсаң,

Салқын сумен шайынғын.

Теңіз патшайымы: Жарайсыңдар, балалар. Мен сумен ойындар ойнағанды жақсы көремін. Олай болса ойындарыңызды тамашалап, сендермен бірге

ойнайын.

ЖҮРГІЗУШІ: Бүгінгі ойынымызға «Жұлдызша» тобы және «Ақтиін» тобы балалары қатысады.

1 - ОЙЫН: «Су тасушылар». Балалар бос шелегімен мәреге барады. Шелегін суға толтырып, келесі балаға шелегін береді. Келесі бала суды мәредегі ыдысқа төгеді.

2 - ОЙЫН: «Кім жылдам» Қолында сүзгі ыдыстарға суда тіршілік ететін балықтарды аулап алу

Би: «Тамшылыр»

Теңіз қарақшысы келеді: Мен болдыртпаймын менің ұйқымна ояттындар шуылдап ,ойыншық тапаншаны алып су шашады.

Жүргізуші: Ой,ой сабыр етіңіз не шу шығардыңыз бұл жерде балалар өте көңілді.

Теңіз қарақшысы: ендеше менде тапанша бар бірге ойын ойнайық

3– ОЙЫН: «Мергендер». Екі топ су тапаншасынан дәл деп су шашады.

4- ОЙЫН: «Суда жүзушілер». Жасанды бассейнде әр топтан 2 баладан суда жүзеді.

ЖҮРГІЗУШІ: Теңіз патшайымы сізге балаларымыздың ойындары ұнады ма?

Теңіз патшайымы: Әрине ұнады. Өте тамаша, қызықты сумен ойындар ойнадыңдар. Менің де сендерге сыйлығым бар. Міне сендерге сабынды көпіршіктер. Сендер сабынды көпіршіктерді үрлеп көңілді көпіршіктерді тамашалаңдар.

5-Ойын : «Көпіршіктер»

Би : «Флешмоб»

БАЛАЛАР: Рахмет,Теңіз патшайымы теңіз қарақшысы

Теңіз қарақшысы: Балалар сендердің мерекелерінді шырқын бұзғым келген үшін кешірім сұраймын !

Балаларды мақтау, рахмет айту.



«ҚАРЛЫҒАШ» бөбекжайы

«Жылы, суық»

«Гүлдер» тобы

Тәрбиешісі: Оспанова Қ.Т.



2022-2023 оқу жылы

Ашық көрсетілім: «Сумен ойындар»

1.Ойын: «Жылы – суық»

Мақсаты: Балаларға сумен ойналатын ойындарды ойнату арқылы қызуғушылықтарын арттыру.

Қажетті құрал- жабдықтар: үйрек, балықтар, бегемот және пингвиндер, кемелер, дельфиндер, кішкентай доптар, көк қызыл және сары т.б.

Шарты:

Екі түрлі ойыншық қажет , әр біреуі 2-3 данадан ,резинкелі немесе пластмасса болғаны жөн(үйрек, балықтар, бегемот және пингвиндер, кемелер, дельфиндер, кішкентай доптар, көк қызыл және сары т.б).

Тәрбиеші бір ыдысты жылы сумен, ал екінші ыдысты суық сумен толтырады.Балаларға «Үйректер суық суда, ал балықтар жылы суда шомылғанды ұнатады, оларды суға жіберейік»- деп айтады.

Балалар үйректерді суық судағы ыдысқа салады,ал балықтарды жылы судағы ыдысқа салады.

Қатысқан бала саны: 10 бала.

Ойын: «Желкен».

Мақсаты: шапшаңдыққа,жылдамдыққа баулу, балалардың қызуғушылығын арттыру.

Қажетті құрал- жабдықтар: желкен(қағаздан жасалған), су құйылған ыдыстар.

Шарты: Үлкен ыдысқа құйылған суға баладар желкендерін салады.Желкенді суға салған кезде тәрбиеші белгі береді. «Кәне кімнің желкені жылдам».Желкенді балалар жылдамдықпен су жиегіне шығару керек. Балалар желкендерін үрлеу арқылы жеңіске жетеді.Шапшаңдық жылдамдық қажет.

Қатысқан бала саны: барлық бала (топпен).

«ҚАРЛЫҒАШ» бөбекжайы

«Көңілді жаз»

«Гүлдер» тобы

Тәрбиешісі: Оспанова Қ.Т.

2022-2023 оқу жылы



Көңілді жаз

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен танысу, тәсілдерімен меңгеру. Балалардың ептілігі мен шапшаңдылық қасиеттерін дамыту. Жаттығуларды текске сәйкес қимыл жасауға дағыландыру. Досытыққа тәрбиелеу.

Керекті құрал жабдықтар: Жалаулар, шар, үйшік, бөрене, кірпі, қоян, бала санына шуылдақтар, себет, орман жаңғағы, текшелер, бубин, шашақтар (жаңбырға) т.б.

Өткізулі орны: Спорттық алаң

Қатысатын топ: Екінші кіші жас тобы

Ойын сауықтың өту барысы:

Жүргізуші: Жаз келіп жадырап

Балалар ойнайды.

Далада асыр сап,

Ойынға тоймайды деп ортаға №06 топ бүлдіршіндерін шақырамыз.

Балалар музыкамен ортаға кіреді. (3-тілде сәлемдеседі) (кішкентай бала ұшып келіп хат тастап кетеді)

Жүр: балалар бұл хатты кім жазғанын білгілерң келеме? Балалар – ия

Жүр: олай болса мен сендерге жұмбақ жасырамын шешуін табыңдар:

Тәтті көрсе бас салар,

Айнымайды баладан (аю)

Жүр: хатты оқиық

Балалар маған көмектесіндер, қиын жағдайға тап болдым.

Жүр: Мұнда басқа ешнәрсе жазылмаған, аюға көмектесемізбе?

Балалар – ия

Жүр: орманға барайық, орандағы аңдар ұқсап жүрейік

- Аю маң-маң басады,

- Түлкі бұлаң қағады,

- Қасқыр ылаң салады,

- Қоян үркіп қашады. (жүгіреді, жүреді)

Жүр: орманға келдік. Аюмен сәлемдеседі!

Аю достым саған не болды? Берген хатыңды алдық, саған көмекке келдік солай ғой балалар. Аю балалар тәттілерімді жоғалтып алдым, сендер көрген жоқсыңдарма?

Балалар --- жоооок

Жүр: Саған көмектесеміз алдымен жаттығу жасап алайық (саған азу керек)

Шуылдақтармен жаттығу. (жүрсімізді жалғастырамыз)

- Бала бала баламыз
- Біз орманға барамыз
- Ормандағы қызықты
- Тамашалап қайтамыз.

Балалар аюға тақпақ айтады (жаз туралы)

Ой балалар мынау кімнің себеті?

Кім орманда жаңғақ тергенді жақсы көреді?

Аюға жаңғақ жинауға көмектесейік.

1) Ойын: Жаңғақ жинау

Шарты: шашылған жаңғақты себетке жинайды.

Аю:Жарайсыңдар епті екенсіңдер.

Жүр: Күн бұлттанып жаңбыр жауатын сияқты олай болса тағыда ойын ойнайық.

2) Ойын: күн мен жаңбыр

- Жаңбыр, жаңбыр жауасың
- Жанымызға дауасың
- Біз ойнайтын ауланың
- Тазартасың ауласын.

3) Ойын: Аю

- Қорбаңдаған аюдың
- Құлпынайы көп екен
- Теріп, теріп алайық
- Аюдан біз қашайық

Аю: Балалар сендерге рахмет тәттіні қайда қойғаным есіме түсті, әрі маған жаттығу жасауды, ойнауды үйреттіңдер. Осы тәттіні сендерге сыйға беремін.

Жүр: Аю тәттіңе рахмет.

Жүр: Шеңберге тұрады

- Қолға алып шарды

- Үрлеймін мен былай

- Үрлеймін деп қатты

- Жарып алдым шарды.

Балаларды мақтап – марапаттау

Сиқырлы сөзімізді айтып тобымызға қайтайық.

- Кел балалар тұрайық

- Үлкен шеңбер құрайық

- Қоян болып секіріп

- Орнымызды табайық.

Осымен ойын сауығымыз аяқталды келгендеріңе рахмет.

Сау болыңдар!

3.«Жылы -суық» ойыны

Мақсаты: «жылы», «суық» ұғымдарын бекіту.

Мазмұны:

Екі түрлі ойыншық кажет, әр біреуі 2-3 данадан, резинкелі немесе пластмасса болғаны жөн (мысалы: үйрек және балықтар, бегемот және пингвиндар, кемелер және дельфиндар, кішкентай доптар- қызыл және көк, қызыл және сары, жасыл және ақ және т.б.).

Тәрбиеші бір ыдысты жылы сумен, ал екінші ыдысты суық сумен толтырады. Балаға: «Үйректер суық суда, ал балықтар жылы суда шомылғанды ұнатады, оларды суға жіберейік,-деп айтады». Бала үйректерді суық сумен ыдысқа салады, ал балықтарды жылы сумен ыдысқа салады.

Ересек "Балбөбек" тобының жаңғы-сауықтыру іс-шаралардың перспективалық жоспары

Іс шаралардың атаулары, мазмұны	Өткізу мерзімі
Маусым айы Іапта	
Балаларды қорғау күніне арналған «Балаларлар шеруі» Жаз мезгілінде көбелек,шыбын,күрбақа(тасбақа) өмірін бақылату, әңгімелеу дағдысын дамыту	01.06.2023ж
Гүлдер мен көкөністерлі қыздан құрастыру. Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын жетілдіру.Сөйлеу мен тілін дамыту үшін жетекші сұрақтар қою.	02.06.2023ж
Маусым айы Іапта	
Балаларға таныс ертегілер кейіпкерлерінің киімдерін кино арқылы сахналату. Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салғызу.	5.06.2023ж
Суда қағаздан жасалған кемелер сайысын ұйымдастыру. Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақиналағы қондыр», «Қағып ал да ата» (доппен)	6.06.2023ж
Ойыншықтар туралы мультфильм тамашалату.	7.06.2023ж
Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру.	8.06.2023ж
Күннің жылынуын бақылату. Арнайы ыдыстарға суларды тоқтырып күн сәулесі түсетін жерге қою, түстен кейін серуенте шыққанда судың ысығанын бақылату. Су әлемі туралы жұмбақтар ілеуін ұйымдастыру, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету	9.06.2023ж

Маусым айы 3 аңта	
Өсімдіктерге қамқорлықты табиғаттағы еңбек арқылы таныту. Өз топтарының аудасындағы гүлдерге су құяды ұйымдастыру.	12.06.2023ж
Ағаштар туралы әңгімелер, әлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешуін ұйымдастыру.	
Шығармашылық студиясында саз балшыстан түрлі түсті және түрлі көлемде аамаларды жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	13.06.2023ж
«Дені саулық – жаны сау» атты спорттық ойындар жарысын ұйымдастыру.	14.06.2023ж
«Болалы-болмайды», «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойындарын ойнату.	
Балабақша мед бикесі мен апаздар атты желілі ойындарды ұйымдастыру	15.06.2023ж
«Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс).	
Дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды нысықтау.	16.06.2023ж
Маусым айы 4 аңта	
Музыка маманының жоспары бойынша музыкалық іс шара.	19.06.2023ж
«Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу.	
Қимылды ойын «Орамал тастамаю».	20.06.2023ж
Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау.	
Сумен шынығудың пайдалысы туралы әңгімелесу.	
Көркем шығармаларды сахналау.«Шалқан» ертегісі.	21.06.2023ж
Балалармен бірге қойылымдар көю (саусақ театры, көленжелі театр, қуыршақ театры)	
Құстар әлемі. Құстарға жем беру -торғай, кептер, сауысқан, олар жайлы билетін әңгімелерін айтқызу, тақпақтар жаттату.	22.06.2023ж
«Көңілді дом» үйірмесі. Домпен өтетін ойын түрлерімен таныстыру	23.06.2023ж
Маусым айы 5 аңта	
Музыка оқу қызметінде өткен әндерін естеріне түсіріп, концерт ұйымдастыру	26.06.2023ж
Домпен балалардың жақсы көретін ойын түрлерін ойнату	27.06.2023ж
Қимыл-қозғалыс ойыны «Бақшадағы қондыр».	

Құрбақа(тасбақа) өмірін бақылау, әңгімелету. «Ерте, ерте, ертеде» атты тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтысу.	28.06.2023ж
«Раушан, райхан» гүліне бақылау, гүлдерді салыстыру, түсін, иісін әңгімелету. Гүлдердің суретін салғызу, құмда және мольбертте.	29.06.2023ж
Әженің ертегі кітабынан ертегі оқып беру. Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).	30.06.2023ж
Шілде айы 1 апта	
Жайнай бер, Қазақстаным» атты мерекелік концерт ұйымдастыру	3.07.2023ж
«Су патшалығындағы ойындар» ойнату	4.07.2023ж
Саз балшықтан үй жануарларын жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	5.07.2023ж
Саусақ театры арқылы балалардың қалауы бойынша қойылым жасау	7.07.2023ж
Шілде айы 2 апта	
Балалардың қалауы бойынша ертегіні айтып беру, сахналату	10.07.2023ж
Үлкен ыдыстарға (көрсен) су құйып, қағаздан жасалған кемелерді жүздіру. Балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету үшін «Судың қасиеті», «Мөлдір-лайқа», «Ауа мен су» тақырыбында тәжірибелерді жасауға жағдай жасап, ұйымдастыру Су бетінде сурет салу дағдысын қалыптастыру	11.07.2023ж
Балалар ұнататын мультфильмдерін көрсету, мазмұнын әңгімелету. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік «Тату-тәтті отбасы» ойынын ұйымдастыру	12.07.2023ж
Бау мен бақша қандай болады тақырыбында суреттер көрсетіп, әңгімелету. Топ ауласын қоқыстан, тастардан тазалауға баулу, аула гүлдеріне, ағаштарына су құюды ұйымдастыру.	13.07.2023ж
«Әке көрген оқ жонар» тақырыбы негізінде зат халдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасау. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру.	14.07.2023ж
Шілде айы 3 апта	
Дәстүрден тыс материалмен сурет салғызу. Көкөністердің шырынымен бояу	17.07.2023ж

Ненгун күйіне арналған спорттық ойындар ұйымдастыру. «Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таяз ауада «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен жаттығулар жасау.	18.07.2023ж
«Емхана», «Дүкен» тақырыбында жекілі ойындарды ұйымдастыру. Ол жерде жұмыс жасайтын мамандардың іс әрекетін жасауды үйрету, бір бірімен тату келісіп ойнауды пысықтау	19.07.2023ж
«Түсіне қарай топтастыр» дидактикалық ойыны негізінде балаларға әр түсті бет орамалдарды, донғарды, шариктерді беріп, салыстырып түсіне қарай жинауды пысықтау	20.07.2023ж
Балаларға қоләстер мен үй жиһазы жайлы кітаптарды беріп танылалату, әңгіме айтуға жағдай жасау.	21.07.2023ж
Шілде айы 4 апта	
Жалпы топтық билі (Флешмоб) ұйымдастыру	24.07.2023ж
«Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру. «Қоймадағы тышқандар» қимылды ойынын ойнату	25.07.2023ж
«Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жән жуу, тазалықты сақтау және басқа).	26.07.2023ж
Сюжетті ролдік ойындар ұйымдастыру	
Торғай, кептер, сауысқан құстарына жем беру, олар жайлы білетін әңгімелерін айтылу	27.07.2023ж
Түрлі көлемді донғар қандай ойынға қолданады таныстыру – футбол, баскетбол, теннис, оларды түрлі нысанға тастау ойындарын ойнату	28.07.2023ж
Тамыз айы 1 апта	
Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау.	31.07.2023ж
«Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауын ұйымдастыру.	
Көркем шығарма оқын беру.	1.08.2023ж
Аквариумдағы балықтарды бақылау, жем бергізу.	
«Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату.	
Балалар ұнататын мультфильмін көрсету, мазмұнын әңгімелету.	2.08.2023ж
Күн өсері мен шауағына бақылау жасау, әңгімелету. Құмнан төбешіктер жасау	3.08.2023ж

Аула гүлдерін тану, атын атау, су құйып күтім жасау Балабақша ауласын тазартуда көмек беру, су шашу. «Балбана» сюжеттік-рөлдік ойынын ойнату.	4.08.2023ж
Тамыз айы 2 апта	
Балаларға саз балшықтың жемістер мен ыдыс аяқты жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	7.08.2023ж
Әр түрлі әдістермен жүгіруден жарысуымызды Таза ауада ұлттық ойындарды ойнату: «Ауларыспақ», «Сөкыр теке», «Айгөлек», «Күш сызаспақ».	8.08.2023ж
«Шаңтараз», «Асхана» желілі ойындарды ұйымдастыру, мамандардың іс әрекетін жасауды үйрету, бір - бірімен тату келісіп ойнауды пысықтау	9.08.2023ж
Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтанш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Өн тыңдатып, тақпақ айтқызу. Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау, атылар мен әкелердің әңгімелерін тыңдату. «Бауда ма, әлде бақшада ма?» дидактикалық ойынын ұйымдастыру	10.08.2023ж
Ағаштар жайлы кітаптарды беріп танылалату, әңгіме айтуды жағдай жасау. Табиғи материалдардан құрастыру, мүсіндеу жұмыстарын ұйымдастыру.	11.08.2023ж
Тамыз айы 3 апта	
Көңілді билер. Әр түрлі ұлттардың ұлттық биін билету. «Жемістер мен көкөністер» фестивалін ұйымдастыру; Жұмбақтар мен тақпақтар сайысын өткізу;	14.08.2023ж
Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру; - оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелейту; - асықтарды дайын боқулармен бөту, безендіру; - ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру.	15.08.2023ж
Сүйікті ертегі айларымен үстел үсті театры, кейінкерлерді алып, рөлді орындауды үйрету.	16.08.2023ж

Достық туралы ән тыңдату, бірге айтуын ұйымдастыру. «Досыма сыйлау» жалпы жұмысын жасату	
Топ ауласына ұшып келген құстарды бақылату, олар немен қоректенеді (құмырсқа, қоныз, өрмекші), олар жайды білетін әңгімелерін айту.	17.08.2023ж
Секіретін доптармен ойын, олармен жарыса секіріп түрлі нысанға жетуді үйрету	18.08.2023ж
Тамыз айы 4 апта	
Балалардың қалауымен әр түрлі бояу құралдарын пайдаланып еркін сурет салғызу	21.08.2023ж
Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу	22.08.2023ж
Лақ – жайлы әңгіме айту, оны еркелетіп сипауды ұйымдастыру	23.08.2023ж
Балаларға таңдау еркіндігін беріп, қалған затын жасату. Шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрін қолданып жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзіне ұнаған бейнені қағазға жалсырып жасату;	24.08.2023ж
Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін киіп ертегіні сахналату. «Жақсіндарымды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», тақырыптарға әңгімелесу.	25.08.2023ж
Тамыз айы 5 апта	
Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу; - балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп таңдап, ойнату; - серуен кезінде аулада қарапайым еңбекке баулу, бірге еңбектенуін ұйымдастыру; - «Бәйге» ұлттық ойынын ойнату.	28.08.2023ж
«Айбары асақ – Ата заң» Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған мерекелік концертке қатыстыру	29.08.2023ж
«Қош бол жайдары жаз» музыкалық іс шараны ұйымдастыру	31.08.2023ж

**Жазғы-сауықтыру іс-шаралардың перспективалық жоспары**

Іс шаралардың атаулары, мазмұны	Өткізу мерзімі
Маусым айы Іапта	
Балаларды қорғау күніне арналған «Балақайлар шеруі» концертке қатысу	01.06.2023
Асфальтқа сурет салу байқауын ұйымдастыру.	
Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі өткізу.	02.06.2023
Таза ауада ұлттық ойындар сайысын ұйымдастыру.	
Маусым айы 2апта	
Сурет салу: «Жайлаудағы төрт түлігі», «Орман аңдары», «Менің сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар бойынша (балалардың қалауы).	5.06.2023
Құм және сұмен тәжірибе.	
Құрастыру «Аңдардың үйшігі».	
Суда қығыздың жасалған көмелер сайысын ұйымдастыру.	6.06.2023
Қоршаған ортаны қорғау бойынша жиднама құрастыру, орындау	
Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бөксешағы көңілдер», «Қағып ал да ата» (доппел)	
«Біздің өлкеміз ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу.	7.06.2023
Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарату.	
Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат ұйымдастыру	
Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау.	
Ағаштарды бақылату, оларға күтім жасауды жетілдіру.	8.06.2023
Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешуіне жағдай жасау.	
Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі?»	
Ағаштардың суретін салу.	
Күннің асуын бақылату. Арнайы ыдыстарға суларды толтырып күн сәулесі түсетін жерге қою, түстен кейін	9.06.2023

серуенте шыққанда судың ысығанын бақылату. Су әлемі туралы жұмбақтар шешуін ұйымдастыру, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету	
Маусым айы 3 айта	
Өсімдіктерге қамқорлықты табиғаттағы еңбек арқылы таныту. Өз топтарының ауласындағы гүлдерге су құяды ұйымдастыру. Гүлдер туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешуін ұйымдастыру. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау.	12.06 2023
Шығармашылық студиясында саз балшықтан түрлі түсету және түрлі көлемде жемістер жасауды көрсету, өзі бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	13.06 2023
«Дені саулық – жаны сау» атты спорттық ойындар жарысын ұйымдастыру. «Болды-болмайды», «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойындарын ойнату. «Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар, а жағдай жасап ойнату.	14.06 2023
Мен бікесі мен апаздар атты желілі ойындарды ұйымдастыру «Зинды тағамдар» планктын әзірлету (ұжымдық жұмыс). «Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау.	15.06 2023
	16.06 2023
Маусым айы 4 айта	
Музыка маманының жоспары бойынша музыкалық іс шара. «Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу. «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету	19.06 2023
Қимылды ойын «Орамал тастамақ». Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шыншылдың пайдасы туралы әңгімелесу. «Сылдырайды мәлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы танылартық әңгімелесу.	20.06 2023

Көркем шығармаларды сахналыу. «Түпкі мен қою» ертегісі. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусак театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры) «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойын. Балалармен таңдаған тақырыпқа байланысты кері байланыс жасау.	21.06.2023
Құстар әлемі. Құстарға жем беру - торғай, кептер, сауысқан, олар жайлы білетін әңгімелерін айтысу. Тақпақтар жаттату. Табиғи заттармен әр түрлі құрылымдар құрастыру.	22.06.2023
«Көңілді доң» үйірмесі. Дөңнен өтетін ойын түрлерімен таныстыру. Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбилместің қала көшелеріндегі ояңгалары» сюжеттерді көрсетін, бірге талдау. Жапсыру «Бағдаршам».	23.06.2023
Маусым айы 5 апта	
Музыка оқу қызметінде өткен өндерін естеріне түсіріп, концерт ұйымдастыру. Театрландырылған қойылым атрибуттарымен ойындар. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусак театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры)	26.06.2023
Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Дөңнен балалардың жақсы көретін ойын түрлерін ойнату. Қимыл-қозғалыс ойыны «Бақилдігі қояндар».	27.06.2023
Құрбақа, көбелек, құмырсқа (тасбақа) өмірін бақылату, әңгімелету. «Ерте, ерте, ертеде» атты тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер таңдау, таңдаған ертегінің мазмұнын айтылу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын.	28.06.2023
«Раушан, райхан» «сүймедей» гүдерін бақылату, гүлдерді салыстыру, түсін , иісін әңгімелету. Гүлдердің суретін салғызу, құмда және молибертте. Ұлттық қимылды ойындар ойнату.	29.06.2023
Әженің ертегі кітабынан ертегі оқип беру. Сүйсіненшілік, сыйластық, мейірімділік туралы суреттер арқылы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу.	30.06.2023

Шілде айы 1 апта	
«Жайнай бер, Қазақстаным» атты мерекелік концерт ұйымдастыру	3.07.2023
«Су патшалығындағы ойындар» айдарымен ойнату	4.07.2023
Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рольдік ойын «Тату-тәтті отбасы». Сәт балшықтан үй жануарларын жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау.	5.07.2023
Саусақ театры арқылы балалардың қалауы бойынша қойылым жасау. Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары «Ханталапай», «Аударыспақ», «Сәкиш салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастимық», «Күш сынаспақ».	7.07.2023
Шілде айы 2 апта	
